

**СИЛЛАБУС**  
**2024-2025 оқу жылының күзгі семестрі**  
**«БВ04205 Құқықтану» білім беру бағдарламасы**  
**3 курс, 5 семестр, күндізгі бөлім**

Пәннің ID және атауы	Білім алушының өзіндік жұмысын (СӨЖ)	Кредиттер саны			Кредиттердің жалпы саны	Оқытушының жетекшілігімен білім алушының өзіндік жұмысы (СОӨЖ)
		Дәрістер (Д)	Семинар сабақтар (СС)	Зерт. сабақтар (ЗС)		
1597 Халықаралық құқық	4	3	6	0	9	4
<b>ПӘН ТУРАЛЫ АКАДЕМИЯЛЫҚ АҚПАРАТ</b>						
Оқыту түрі	Циклы, компоненті	Дәріс түрлері	Семинар сабақтарының түрлері	Қорытынды бақылаудың түрі мен платформасы		
Офлайн	П, ЖОК	Классикалық шолу, аналитикалық дәріс	логикалық тапсырмалар, пікірталас, сөзжұмбақтар құрастыру, тест-сұрақтар	Univer АЖ тест		
<b>Дәріскер (лер)</b>	Есекеева Айнаш Акимсаловна					
<b>e-mail:</b>	akim_ainash@mail.ru					
<b>Телефоны:</b>	87784272744					
<b>Ассистент (тер)</b>	Джетібаев Нұрбол Сатыбалдиевич					
<b>e-mail:</b>	Zhetybaev_14@mail.ru					
<b>Телефоны:</b>	87074607905					
<b>ПӘННІҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ</b>						
Пәннің мақсаты	Оқытудан күтілетін нәтижелер (ОН)			ОН қол жеткізу индикаторлары (ЖИ)		
Пәннің мақсаты: Пәннің мақсаты: халықаралық және ұлттық құқықтың дамуы мен өзара іс-қимылын талдау және болжау қабілетін қалыптастыру; Халықаралық құқық нормаларын практикада қолдану. Оқытылатын болады: халықаралық құқықтың негізгі көздері; халықаралық қатынастарға қатысушылардың құқықтық жағдайы; өзара қарым-қатынастардың түрлі салаларындағы халықаралық реттеудің негізгі институттары	<b>ОН 1.</b> Заңдылықты қамтамасыз ету үшін халықаралық құқық саласындағы қызмет және мемлекеттік реттеудің жаңа әдістемелерін қолдану туралы теория мен заңнаманың мазмұнын түсінуді көрсету;			<b>ЖИ 1.1</b> Халықаралық құқықтың барлық институттарын құқықтық бекітудің ерекшелігін дәлелдеу. <b>ЖИ 1.2</b> Экономиканың мемлекеттік және мемлекеттік емес секторында осы нормаларды қолдану ерекшелігі арқылы қазақстандық және халықаралық құқық жүйесіндегі халықаралық құқық нормаларын пайдалану құқығының орны мен рөлін анықтау.		
	<b>ОН 2.</b> Қазақстан экономикасының түрлі секторлары жұмысының тиімділігін жетілдіру жөніндегі шаралар кешенін ұсыну үшін олардың тиімділігін сыни бағалау негізінде халықаралық құқық нормаларын қолдану тәртібін талдау әдістерін саралау;			<b>ЖИ 2.1</b> Халықаралық және отандық құқық нормаларын қолдану шарттарын талдау әдістемесін қолдану. <b>ЖИ 2.2</b> Халықаралық құқықтың қандай да бір нормаларын қолдану шарттарын түсіндіру. <b>ЖИ 2.3</b> Әр түрлі практикалық жағдайларда нормаларды заңнамалық шоғырландырудың ерекшеліктерін талдау.		

	<p><b>ОН3.</b> Халықаралық құқық институты жұмысының тиімділігін қамтамасыз ету үшін мемлекеттік реттеу және мемлекеттік басқару әдістерін салыстыру, мемлекеттік реттеу және мемлекеттік басқару құралдарын қолдану.</p>	<p><b>ЖИ 3.1</b> Мемлекеттік реттеу және басқару әдістерін жіктеу</p> <p><b>ЖИ 3.2</b> Халықаралық құқық институты жұмысының тиімділігін қамтамасыз ету үшін мемлекеттік реттеу және мемлекеттік басқару әдістерін салыстыру, мемлекеттік реттеу және мемлекеттік басқару құралдарын қолдану.</p> <p><b>ЖИ 3.3</b> Халықаралық құқық нормалары ұқсастықтары мен айырмашылықтарын және осы әдістерді қолдану негіздерін анықтау.</p>
	<p><b>ОН4.</b> Қазақстанның халықаралық құқық саласындағы жұмысты жетілдіру және қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша нақты ұсыныстарды тұжырымдау үшін ҚР заңнамасын талдау және оның халықаралық міндеттемелер мен ұлттық мүдделерге сәйкестігі негізінде жұмыстың әртүрлі салаларындағы құқықтық реттеу практикасына баға беру.</p>	<p><b>ЖИ4.1</b> Халықаралық заңнаманың сақталуын қамтамасыз ету бойынша шаралар әзірлеу.</p> <p><b>ЖИ4.2</b> Халықаралық нормалардың бұзылу себептерін түсіндіру және оларды жою.</p> <p><b>ЖИ 4.3</b> Халықаралық құқық қызметінің әртүрлі салаларында заңнаманың сақталуын қамтамасыз етуді жетілдіру бойынша жоспарлар жасау.</p>
	<p><b>ОН5.</b> Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы (БҰҰДБ) - бұл БҰҰ-ның ғаламдық даму желісі, атап айтқанда, қазірдің өзінде 170 елде жұмыс істейтін, кедейлікті жоюға, теңсіздікті азайтуға, сыбайлас жемқорлықпен күресуге және үкіметтің ашықтығын арттыруға көмектесетін ТДМ. Қазақстан жұмысы басталғаннан бері БҰҰДБ-мен бірге құны 200 миллион АҚШ долларынан асатын тақырыптық бағыттар бойынша 200-ден астам жоба жүзеге асырылды. Дәл осы ТДМ үшін БҰҰДБ Қазақстанға көмектеседі.</p>	<p><b>ЖИ5.1</b> Қазақстанның ұлттық мүдделерін ескере отырып, халықаралық міндеттемелерді орындау қажеттілігін негіздеу.</p> <p><b>ЖИ 5.2</b> Халықаралық құқықта қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттердің тәжірибесін бағалау.</p> <p><b>ЖИ 5.3</b> Бейбітшілік пен қауіпсіздікті арттыруда мемлекеттердің оң тәжірибесін қолдану мүмкіндігіне баға беру.</p>
<b>Пререквизиттер</b>	<p>TGP 1201 - Мемлекет және құқық теориясы; KPRK1202 - Конституциялық құқық; GPRK2204 ҚР Азаматтық құқығы жалпы бөлімі; UPRK2205 - Қылмыстық құқық; EPRK 2222 - ҚР Экологиялық құқығы.</p>	
<b>Постреквизиттер</b>	<p>ZP 4216 - Жер құқығы; PEV 3408 Экологиялық қауіпсіздік құқығы; PRGRPZ 3224 - Жерге құқықтарды мемлекеттік тіркеуді құқықтық реттеу; OEB 3214 - Экономикалық қауіпсіздік құқық негіздері.</p>	
<b>Оқу ресурстары</b>	<p><b>Әдебиет:</b></p> <p><b>1. Негізгі:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Құлжабаева Ж.О. Халықаралық жария құқық. Жалпы және ерекше бөлімдер. Алматы, 2018 ж.</li> <li>- Практикум по международному праву/Отв. Ред. Проф. Г.В.Игнатенко, проф, С.Ю.Марочкин, проф. О.И.Тиунов.-М, 2018 г.</li> <li>- Бекяшев К.А., Волосов М.Е. Международное публичное право. Практикум, схемы – М, 2019 г.</li> </ul>	

**Қосымша:**

- Ю.М.Колосов, В.И.Кузнецов. Международное право –М, 2015 г.
- Сорокина А.В. Международное право. П-2017 г.
- Под. Ред. д.ю.н. проф М.А.Сарсембаев, О.Н. Сафонова. Тематика контрольных и курсовых работ по международному публичному праву А-2018 г.
- М.А. Сарсембаев Международное право. А-2018 г.
- Курс международного права. М-2019 г.

**Интернет-ресурстар**

1. <http://elibrary.kaznu.kz/ru>
2. <https://adilet.zan.kz/kaz/>
3. <https://blog.agrokebety.com/ponyatiye-agrarnogo-prava>

<b>Пәннің академиялық саясаты</b>	<p>Пәннің академиялық саясаты әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Академиялық саясатымен және академиялық адалдық Саясатымен айқындалады.</p> <p>Құжаттар Univer ИЖ басты бетінде қолжетімді.</p> <p><b>Ғылым мен білімнің интеграциясы.</b> Студенттердің, магистранттардың және докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысы – бұл оқу үдерісінің тереңдетілуі. Ол тікелей кафедраларда, зертханаларда, университеттің ғылыми және жобалау бөлімшелерінде, студенттік ғылыми-техникалық бірлестіктерінде ұйымдастырылады. Білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылардың өзіндік жұмысы заманауи ғылыми-зерттеу және ақпараттық технологияларды қолдана отырып, жаңа білім алу негізінде зерттеу дағдылары мен құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған. Зерттеу университетінің оқытушысы ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелерін дәрістер мен семинарлық (практикалық) сабақтар, зертханалық сабақтар тақырыбында, силлабустарда көрініс табатын және оқу сабақтары мен тапсырмалар тақырыптарының өзектілігіне жауап беретін СОӘЖ, СӨЖ тапсырмаларына біріктіреді.</p> <p><b>Сабаққа қатысуы.</b> Әр тапсырманың мерзімі пән мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау баллдардың жоғалуына әкеледі.</p> <p><b>Академиялық адалдық.</b> Практикалық/зертханалық сабақтар, СӨЖ білім алушының дербестігін, сыни ойлауын, шығармашылығын дамытады. Плагиат, жалғандық, шпаргалка пайдалану, тапсырмаларды орындаудың барлық кезеңдерінде көшіруге жол берілмейді. Теориялық оқыту кезеңінде және емтихандарда академиялық адалдықты сақтау негізгі саясаттардан басқа «Қорытынды бақылауды жүргізу Ережелері», «Ағымдағы оқу жылының күзгі/көктемгі семестрінің қорытынды бақылауын жүргізуге арналған Нұсқаулықтары», «Білім алушылардың тестілік құжаттарының көшіріліп алынуын тексеру туралы Ережесі» тәрізді құжаттармен регламенттеледі.</p> <p><b>Инклюзивті білім берудің негізгі принциптері.</b> Университеттің білім беру ортасы гендерлік, нәсілдік/этникалық тегіне, діни сенімдеріне, әлеуметтік-экономикалық мәртебесіне, студенттің физикалық денсаулығына және т.б. қарамастан, оқытушы тарапынан барлық білім алушыларға және білім алушылардың бір-біріне әрқашан қолдау мен тең қарым-қатынас болатын қауіпсіз орын ретінде ойластырылған. Барлық адамдар құрдастары мен курстастарының қолдауы мен достығына мұқтаж. Барлық студенттер үшін жетістікке жету, мүмкін емес нәрселерден гөрі не істей алатындығы болып табылады. Өртүрлілік өмірдің барлық жақтарын күшейтеді.</p> <p>Барлық білім алушылар, әсіресе мүмкіндігі шектеулі жандар, телефон 87784272744 /e-mail <a href="mailto:ainash.akim@gmail.com">ainash.akim@gmail.com</a>, <a href="https://us04web.zoom.us/j/4175819644?pwd=UWFtS0hicFVick5vaE5WSy83WUVxZz09">https://us04web.zoom.us/j/4175819644?pwd=UWFtS0hicFVick5vaE5WSy83WUVxZz09</a> <a href="https://teams.live.com/l/invite/FEAOhRY5m0bHxAnbQE">https://teams.live.com/l/invite/FEAOhRY5m0bHxAnbQE</a> кеңестік көмек ала алады.</p> <p><b>МООС интеграциясы (massive openlline course).</b> МООС-тың пәнге интеграциялануы жағдайында барлық білім алушылар МООС-қа тіркелуі қажет. МООС модульдерінің өту мерзімі пәнді оқу кестесіне сәйкес қатаң сақталуы керек.</p> <p><b>Назар салыңыз!</b> Әр тапсырманың мерзімі пәннің мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген, сондай-ақ МООС-та көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау баллдардың жоғалуына әкеледі.</p>
-----------------------------------	---

**БІЛІМ БЕРУ, БІЛІМ АЛУ ЖӘНЕ БАҒАЛАНУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ**

Оқу жетістіктерін есептеудің баллдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі				Бағалау әдістері
Баға	Баллдардың сандық баламасы	% мәндегі баллдар	Дәстүрлі жүйедегі баға	Критериялды бағалау – айқын әзірленген критерийлер негізінде оқытудың нақты қол жеткізілген нәтижелерін оқытудан күтілетін нәтижелерімен ара салмақтық процесі. Формативті және жиынтық бағалауға негізделген. <b>Формативті бағалау</b> – күнделікті оқу қызметі барысында жүргізілетін бағалау түрі. Ағымдағы көрсеткіш болып
А	4,0	95-100	Өте жақсы	
А-	3,67	90-94		

B+	3,33	85-89	Жақсы	табылады. Білім алушы мен оқытушы арасындағы жедел өзара байланысты қамтамасыз етеді. Білім алушының мүмкіндіктерін айқындауға, қиындықтарды анықтауға, ең жақсы нәтижелерге қол жеткізуге көмектесуге, оқытушының білім беру процесін уақтылы түзетуге мүмкіндік береді. Дәрістер, семинарлар, практикалық сабақтар (пікірталастар, викториналар, жарыссөздер, дөңгелек үстелдер, зертханалық жұмыстар және т.б.) кезінде тапсырмалардың орындалуы, аудиториядағы жұмыс белсенділігі бағаланады. Алынған білім мен құзыреттілік бағаланады. <b>Жиынтық бағалау</b> – пән бағдарламасына сәйкес бөлімді зерделеу аяқталғаннан кейін жүргізілетін бағалау түрі. СӨЖ орындаған кезде семестр ішінде 3-4 рет өткізіледі. Бұл оқытудан күтілетін нәтижелерін игеруді дескрипторлармен арақатынаста бағалау. Белгілі бір кезеңдегі пәнді меңгеру деңгейін анықтауға және тіркеуге мүмкіндік береді. Оқу нәтижелері бағаланады.
B	3,0	80-84		<b>Формативті және жиынтық бағалау</b>
B-	2,67	75-79		Дәрістердегі белсенділік
C+	2,33	70-74		Практикалық сабақтарда жұмыс істеуі
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық	Өзіндік жұмысы
C-	1,67	60-64		
D+		55-59		Қорытынды бақылау (емтихан)
D		50-54		<b>ЖИЫНТЫҒЫ</b>
FX		25-49	Қанағаттанарлықсыз	
F		0-24		

**Оқу курсының мазмұнын іске асыру күнтізбесі (кестесі). Оқытудың және білім берудің әдістері.**

Аптасы	Тақырып атауы	Сағат саны	Макс. балл
<b>Модуль I. Халықаралық құқық түсінігі мен қағидалары</b>			
1	<b>Д 1.</b> Халықаралық құқықтың түсінігі, пәні, жүйесі, мәні.	2	
	<b>СС 1.</b> Халықаралық және ішкі мемлекеттік құқықтардың арақатынасы 1. Халықаралық қатынастардың жүйеленуі және үдемелі дамуы. 2. Халықаралық жария және халықаралық жеке құқық. 3. Халықаралық және ішкі мемлекеттік құқықтардың арақатынасы	4	7
2	<b>Д 2.</b> Халықаралық жария құқықтың қайнар көздері.	2	
	<b>СС 2. Халықаралық жария құқықтың қайнар көздері</b> 1. Халықаралық құқықтық нормалар ұғымы және оның белгілері. 2. Халықаралық құқықтық нормалардың жіктелуі. 3. Халықаралық жария құқықтың қайнар көздері ұғымы және түрлері.	4	7
	<b>СӨЖ 1. СӨЖ 1</b> орындау бойынша кеңестер		
3	<b>Д 3.</b> Халықаралық жария құқықтың субъектілері	2	
	<b>СС 3.</b> Халықаралық жария құқықтың субъектілері 1. Халықаралық құқық субъектілері ұғымы және түрлері 2. Халықаралық құқықтағы тану институты. 3. Халықаралық құқықмирасқорлық институты.	4	7
	<b>СӨЖ 1. Халықаралық құқықтың қайнар көздері:</b> Халықаралық келісімдер, халықаралық әдет-ғұрыптар, жалпы құқық принциптері және халықаралық соттардың шешімдері (бақылау жұмысы).		25
4	<b>Д 4.</b> Халықаралық шарттар құқықтары	2	

	<b>СС 4. Халықаралық шарттар құқықтары</b> 1. Халықаралық жария құқықтың бір саласы-халықаралық шарттар құқықтары 2. Халықаралық шарттардың құқықтық табиғаты 3. Халықаралық шарттарды жасаудың негізгі сатылары 4. Халықаралық шарттардың әрекет етуі және тоқтатылуы 5. Халықаралық шарттардың жарамсыздығы	4	7
5	<b>Д 5. Халықаралық ұйымдар құқығы.</b>	2	

	<b>СС 5. Халықаралық ұйымдар құқығы.</b> 1. Құқықтың бір саласы-халықаралық ұйым құқығы. 2. Халықаралық ұйымдар ұғымы және құқықтық табиғат. 3. Халықаралық ұйымдардың даму тарихы. БҰҰ-ның алғашқы бейнесі-Ұлттар Лигасының құқықтық табиғаты.	4	7
--	--	---	---

**МОДУЛЬ 2 Халықаралық құқықтық тану және құқықтық сабақтастық**

6	<b>Д 6. Халықаралық құқықтағы жауапкершілік</b>	2	
	<b>СС 6. Халықаралық құқықтағы жауапкершілік</b> 1. Халықаралық -құқықтық жауапкершілік ұғымы. 2. Мемлекеттердің халықаралық-құқықтық жауапкершілігінің негіздері. 3. Мемлекеттердің халықаралық құқық бұзушылығын жүйелеу. 4. Мемлекеттердің халықаралық-құқықтық жауапкершілігінің түрлері мен нысандары. 5. Мемлекеттердің жауапкершілігін болғызбайтын жағдаяттар. 6. Халықаралық ұйымдардың жауапкершілігі 7. Жеке тұлғалардың халықаралық қылмыстық жауапкершілігі.	4	7
	<b>СОӨЖ 2. СӨЖ 2</b> орындау бойынша кеңестер		

7	<b>Д 7. Дипломатикалық құқық</b>	2	
	<b>СС 7. Дипломатикалық құқық</b> 1. Өркениетті әлемдегі дипломатия ұғымы. Дипломатиялық құқық ұғымы және қайнар көздері. 2. Сыртқы қатынас органдары. 3. Дипломатиялық өкілдіктердің міндеттері артықшылықтары және имунитеттері.	4	8
	<b>СӨЖ 2. Мемлекеттер арасындағы дипломатиялық қатынастар:</b> Дипломатиялық құқық пен оның маңызы (дебат).		25

**Аралық бақылау 1**

			100
8	<b>Д 8. Халықаралық қылмыстық құқық.</b>	2	
	<b>СС 8. Халықаралық қылмыстық құқық</b> 1. Халықаралық қылмыстық құқық ұғымы. 2. Біріккен Ұлттар Ұйымының халықаралық қылмыстық құқықты дамытудағы рөлі. 3. Халықаралық сипаттағы қылмыстық істер және олармен күресудегі мемлекеттердің міндеттемелері. 4. Қылмыстық істермен күрестегі халықаралық ынтымақтастық. 5. Қылмыскерлерді ұстап берудің мәселелері.	4	6
	<b>СОӨЖ 3. СӨЖ 3</b> орындау бойынша кеңестер		

9	<b>Д 9. Халықаралық қауіпсіздік құқығы.</b>	2	
	<b>СС 9. Халықаралық қауіпсіздік құқығы</b> 1. Халықаралық қауіпсіздік құқығының түсінігі, қағидалары және міндеттері 2. Ұжымдық қауіпсіздік түсінігі және оның түрлері 3. Қарусыздану және қаруды ішінара қысқарту. 4. Қарулану жарысын тоқтату шаралары. 1968 ж. Ядролық қаруды таратпау туралы келісім 5. Одақтас емес қозғалыс және халықаралық қауіпсіздік.	4	6
	<b>СӨЖ 3. Халықаралық адам құқықтары:</b> Халықаралық құқықтағы негізгі адам құқықтары мен оларды қорғау механизмдері (презентация, реферат).		25

10	<b>Д 10. Халықаралық құқықтағы аумақ және басқа да кеңістік мәселелері.</b>	2	
	<b>СС 10. Халықаралық құқықтағы аумақ және басқа да кеңістік мәселері</b> 1. Халықаралық құқықтағы аумақ ұғымы және оның түрлері. 2. Мемлекеттік шекаралар. 3. Халықаралық өзендер мен бұғаздар. 4. Антарктика мен Арктиканың халықаралық құқықтық режимі. 5. Аумақтық дауларды шешу әдістері.	4	6

**МОДУЛЬ 3 Халықаралық қақтығыстарды бейбіт жолмен шешу жолдары**

11	<b>Д 11. Халықаралық гуманитарлық құқық</b>	2	
----	---	---	--

	<b>СС 11. Халықаралық гуманитарлық құқық</b> 1. Халықаралық гуманитарлық құқықтың түсінігі мен мазмұны 2. Халықаралық гуманитарлық құқықтың қайнар көздері 3. Халықаралық гуманитарлық құқық принциптерінің жүйесі 4. Халықаралық гуманитарлық құқықтағы халықаралық ұйымдар	4	6
12	<b>Д 12. Халықаралық ғарыш құқығы</b> <b>СС 12. Халықаралық ғарыш құқығы</b> 1. Халықаралық ғарыш құқығы ұғымы және оның қайнар көздерінің жүйесі. 2. Ғарыш кеңістігі мен аспан денелерінің құқықтық режимі. 3. Ғарышкерлердің құқықтық режимі. 4. Ғарыш объектілерінің құқықтық режимі. 5. Экипаж бен ғарыш объектісінің юрисдикция және бақылау мәселелері. 6. Халықаралық ғарыш құқығындағы жауапкершілік және сақтандыру институты.	2	6

	7. Байқоңыр ғарыш айлағын пайдаланудың құқықтық проблемалары.		
13	<b>Д 13. Халықаралық теңіз құқығы</b> <b>СС 13. Халықаралық теңіз құқығы</b> 1. Халықаралық теңіз құқығы түсінігі. 2. Халықаралық теңіз құқығының қайнар көздері 3. Халықаралық теңіз құқығының қағидалары 4. Халықаралық теңіз құқығының халықаралық ұйымдары	2	6
	<b>СОӨЖ 4. СӨЖ 4</b> орындау бойынша кеңестер		
14	<b>Д 14. Халықаралық экологиялық құқық және ТДМ.</b> <b>СС 14. Халықаралық экологиялық құқық және ТДМ.</b> ТДМ бойынша нәтижені барынша арттыру мақсатында олардың сапалы қатысуын қамтамасыз ету үшін мемлекет, азаматтық қоғам, бизнес қоғамдастық, халықаралық ұйымдар және басқа да мүдделі тараптар арасындағы диалогты жалғастыру. 1. Халықаралық экологиялық құқық түсінігі және оның мазмұны 2. Халықаралық экологиялық құқықтың қайнар көздері 3. Халықаралық экологиялық құқық принциптерінің жүйесі 4. Халықаралық экологиялық құқықтағы халықаралық ұйымдар	2	6
	<b>СӨЖ 4. БҰҰ және халықаралық құқық:</b> Біріккен Ұлттар Ұйымының рөлі мен функциялары халықаралық құқық жүйесінде (жазбаша тапсырмасы).		25
15	<b>Д 15. Мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықтың халықаралық-құқықтық нысандары.</b> Қазақстандағы ТДМ БҰҰДБ. <b>СС 15. Мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықтың халықаралық-құқықтық нысандары.</b> Қазақстандағы ТДМ БҰҰДБ. 1. Туризм саласындағы халықаралық-құқықтық ынтымақтастық. 2. Дүниежүзілік туристік ұйым (ДСҰ) 3. ДСҰ-ның міндеттері. 4. ДСҰ-ның мақсаттары мен бағыттары.	2	8
<b>Аралық бақылау 2</b>			<b>100</b>
<b>Қорытынды бақылау (емтихан)</b>			<b>100</b>
<b>Пән үшін жиынтығы</b>			<b>100</b>

Факультет деканы

Оқыту және білім беру сапасы бойынша  
Академиялық комитетінің төрайымы

Кафедра меңгерушісі

Дәріскер



Д.Л. Байдельдинов

А.А. Урисбаева

Г.А. Куаналиева

А.А. Есекеева

**ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ.**

**ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ**

**«СӨЖ 1. Халықаралық құқықтың қайнар көздері: Халықаралық келісімдер, халықаралық әдет-ғұрыптар, жалпы құқық принциптері және халықаралық соттардың шешімдері» жазбаша тапсырмасы (АБ 100%-ның 25%)**

Критерий	«Өте жақсы» 20-25 %	«Жақсы» 15-20%	«Қанағаттанарлық» 10-15%	«Қанағаттанарлықсыз» 0-10%
<b>Тақырыптың ашылуы және мазмұнның толықтығы</b>	Халықаралық құқықтың негізгі қайнар көздері толыққанды сипатталған. Халықаралық келісімдер, халықаралық әдет-ғұрыптар, жалпы құқық принциптері және халықаралық соттардың шешімдері жан-жақты талданған. Барлық қайнар көздер нақты және жүйелі түрде түсіндірілген.	Негізгі қайнар көздер жеткілікті түрде ашылған, бірақ кейбір аспектілер толық қамтылмаған немесе қосымша талдау қажет. Мазмұн жалпы түсінікті, бірақ кейбір маңызды мәселелер беткей сипатталған.	Тақырып үстірт ашылған, негізгі ұғымдар мен қайнар көздер толық қамтылмаған немесе кейбір мәліметтер жетіспейді. Тақырып жалпы түсіндірілгенімен, дәлдік аз.	Тақырып дұрыс ашылмаған немесе халықаралық құқықтың қайнар көздері туралы негізгі түсініктер жоқ.
<b>Халықаралық құқықтың әртүрлі қайнар көздерін талдау</b>	Халықаралық келісімдер, әдет-ғұрыптар, жалпы құқық принциптері және халықаралық соттардың шешімдері жан-жақты және дәйекті түрде талданған. Әрқайсысының құқық жүйесіндегі рөлі мен маңызы толық түсіндірілген.	Негізгі қайнар көздер талданған, бірақ кейбір қайнар көздерге қатысты толық емес талдау берілген. Маңызды аспектілер бар, бірақ оларды тереңірек қарастыру қажет.	Халықаралық құқықтың кейбір қайнар көздері қарастырылған, бірақ талдау жеткіліксіз немесе үстірт жүргізілген. Көптеген маңызды қайнар көздер назардан тыс қалған.	Қайнар көздер дұрыс талданбаған немесе мүлдем қарастырылмаған.
<b>Теориялық және практикалық мысалдар</b>	Халықаралық құқық қайнар көздерінің теориялық негіздемесі нақты мысалдармен жақсы байланыстырылған. Халықаралық келісімдер мен сот шешімдерінен нақты мысалдар келтірілген, олар жұмысты тереңдетед.	Теориялық негіздеме дұрыс, бірақ практикалық мысалдар жеткіліксіз немесе кейбір мысалдар толық ашылмаған.	Теориялық негіздеме бар, бірақ ол нақты мысалдармен жеткілікті байланыстырылмаған. Практикалық мысалдар аз немесе мүлдем жоқ.	Теориялық негіздеме жоқ немесе практикалық мысалдар мүлдем келтірілмеген.
<b>Құрылымы мен логикасы, Жазу стилі мен грамматикасы</b>	Жұмыс логикалық және құрылымды, бөлімдер өзара жақсы байланысқан. Әрбір бөлім нақты түсініктеме беріп, мазмұн жүйелі түрде ұсынылған. Жазу стилі түсінікті, грамматикалық қателер жоқ. Жұмыс ғылыми тілмен жазылған, ойлар анық және логикалық баяндалған.	Жұмыстың құрылымы негізінен дұрыс, бірақ кейбір бөлімдер арасындағы байланыс әлсіз. Жалпы логика бар, бірақ құрылымдық жақсартулар қажет. Жазу стилі негізінен дұрыс, бірақ кейбір грамматикалық қателер кездеседі. Стилль ғылыми, бірақ түсініксіз тұстары бар.	Жұмыс құрылымы әлсіз, бөлімдер арасында байланыс жеткіліксіз, тақырыптар аралас немесе жүйесіз берілген. Грамматикалық және стилистикалық қателер көп, жазу стилі түсініксіз немесе жұмыс жеткіліксіз редакцияланған.	Жұмыс логикалық құрылымнан мүлдем айырылған, тақырып жүйесіз және түсініксіз жазылған. Жазу стилі мен грамматикасы өте нашар, мәтін түсініксіз және көптеген қателіктер бар.

**СӨЖ 2. Мемлекеттер арасындағы дипломатиялық қатынастар: Дипломатиялық құқық пен оның маңызы (дебат) жазбаша тапсырмасы (АБ 100%-ның 25%)**

Критерий	«Өте жақсы» 20-25 %	«Жақсы» 15-20%	«Қанағаттанарлық» 10-15%	«Қанағаттанарлықсыз» 0-10%
<b>Тақырыптың ашылуы және мәселені түсіну</b>	Дипломатиялық құқықтың негізгі принциптері мен мемлекеттер арасындағы дипломатиялық қатынастардың маңызы толық әрі жан-жақты ашылған. Дебаттағы позиция мен қарсы аргументтер айқын әрі дәйекті түрде берілген.	Тақырып жеткілікті түрде ашылған, негізгі идеялар мен мәселелер дұрыс түсіндірілген, бірақ кейбір аспектілер жеткіліксіз талқыланған.	Тақырып жалпы қарастырылған, бірақ мазмұнда олқылықтар бар, негізгі мәселелер толық ашылмаған.	Тақырып дұрыс ашылмаған, негізгі мәселелер дұрыс талқыланбаған немесе айтарлықтай қателіктер бар.
<b>Аргументтердің негізділігі</b>	Ұсынылған аргументтер нақты, дәлелді және теориялық негіздемеге сүйенген. Халықаралық құқық, дипломатиялық келісімдер және нақты оқиғаларға сілтемелер берілген.	Аргументтер негізінен дұрыс, бірақ кейбір дәлелдер қосымша негіздеуді талап етеді. Негізгі дереккөздер мен құжаттар пайдаланылады, бірақ толық қамтылмаған.	Аргументтер негізсіз немесе толық емес, дәлелдер жеткіліксіз, теориялық немесе тәжірибелік негіздеме әлсіз.	Аргументтер жоқ немесе өте әлсіз, олар дәйекті түрде негізделмеген.
<b>Қарсы пікірлерге жауап беру</b>	Қарсы пікірлерге жауап беру дәйекті және нақты, қарсы аргументтер мен дәлелдер сәтті қолданылады. Дебат барысында екінші тараптың ұстанымдары талданып, қисынды түрде теріске шығарылған.	Қарсы пікірлерге жауап беру дұрыс, бірақ кейбір жағдайларда аргументтер толық емес немесе нақты жауаптар жоқ.	Қарсы пікірлерге жауап беру беткей сипатта, аргументтер әлсіз немесе дұрыс негізделмеген.	Қарсы пікірлерге жауап беру жоқ немесе мүлдем әлсіз.
<b>Пайдаланылған әдебиеттер мен дереккөздер</b>	Барлық пайдаланылған дереккөздер дұрыс және дәл көрсетілген. Құжаттар, келісімдер мен халықаралық заңнамаға толық әрі нақты сілтемелер жасалған.	Пайдаланылған әдебиеттер жеткілікті, бірақ кейбір дереккөздер жетіспейді немесе толық емес. Сілтемелер дұрыс жасалған.	Әдебиеттер мен дереккөздер аз немесе олар ескірген. Сілтемелер кейбір жерлерде дұрыс емес.	Дереккөздер жоқ немесе дұрыс көрсетілмеген, әдебиеттерге сілтемелер жоқ.



**СӨЖ 3. Халықаралық адам құқықтары: Халықаралық құқықтағы негізгі адам құқықтары мен оларды қорғау механизмдері (презентация, реферат) жазбаша тапсырмасы (АБ 100%-ның 25%)**

<b>Критерий</b>	<b>«Өте жақсы» 20-25 %</b>	<b>«Жақсы» 15-20%</b>	<b>«Қанағаттанарлық» 10-15%</b>	<b>«Қанағаттанарлықсыз» 0-10%</b>
<b>Мазмұнның толық ашылуы</b>	Тақырып толық ашылған. Негізгі адам құқықтары мен оларды қорғау механизмдері толық әрі жан-жақты баяндалған. Мазмұн дәйекті түрде, терең талдаумен ұсынылған.	Тақырып жеткілікті деңгейде ашылған. Адам құқықтары және оларды қорғау механизмдері негізінен дұрыс талданған, бірақ кейбір аспектілер тереңдетілмеген.	Тақырып жалпы ашылған, бірақ мазмұнда елеулі олқылықтар бар. Адам құқықтары және қорғау механизмдері аздап қарастырылған.	Тақырып толығымен ашылмаған. Адам құқықтары және оларды қорғау механизмдері дұрыс сипатталмаған немесе өте үстірт қаралған.
<b>Теориялық негіздеме</b>	Халықаралық құқықтағы негізгі құжаттар, келісімдер және институттар нақты талданған. Адам құқықтары бойынша негізгі құжаттарға сілтемелер толық және дәл берілген (мысалы, БҰҰ-ның Адам құқықтары туралы декларациясы, Халықаралық пакттер).	Негізгі құжаттар мен институттар негізінен дұрыс сипатталған. Алайда кейбір маңызды құжаттарға немесе аспектілерге тереңірек тоқталу қажет.	Халықаралық құқықтағы құжаттар мен институттарға аз ғана сілтеме жасалған немесе олар тек жалпы түрде сипатталған.	Халықаралық құқықтағы құжаттар мен институттар мүлдем қарастырылмаған немесе дұрыс түсіндірілмеген.
<b>Саясат ұсынысы немесе практикалық ұсынымдар / ұсыныстар Қорғау механизмдерін талдау</b>	Адам құқықтарын қорғау механизмдері терең және жан-жақты талданған. Ұлттық, аймақтық және халықаралық деңгейдегі механизмдер мен ұйымдар (мысалы, Еуропалық Адам Құқықтары Соты, БҰҰ, Адам құқықтары жөніндегі кеңес) нақты көрсетілген.	Адам құқықтарын қорғау механизмдері жеткілікті деңгейде қарастырылған. Кейбір механизмдер толық ашылмаған немесе тек жалпы түрде сипатталған.	Қорғау механизмдері үстірт түрде қаралған немесе маңызды тетіктер мен ұйымдар сипатталмаған.	Адам құқықтарын қорғау механизмдері мүлдем қарастырылмаған немесе қате сипатталған.
<b>Жазу, APA style</b>	Жұмыс сауатты жазылған, грамматикалық және стилистикалық қателер жоқ. Мәтін оңай оқылады, тілдік құралдар дұрыс қолданылған.	Кішкене грамматикалық және стилистикалық қателер бар, бірақ олар мазмұнды түсінуге кедергі келтірмейді.	Көптеген грамматикалық және стилистикалық қателер кездеседі, мәтін түсініксіз.	Жазу стилі мен грамматикасы өте нашар, мәтін түсініксіз.

**СӨЖ 4. БҰҰ және халықаралық құқық: Біріккен Ұлттар Ұйымының рөлі мен функциялары халықаралық құқық жүйесінде жазбаша тапсырмасы (АБ 100%-ның 25%)**

<b>Критерий</b>	<b>«Өте жақсы» 20-25 %</b>	<b>«Жақсы» 15-20%</b>	<b>«Қанағаттанарлық» 10-15%</b>	<b>«Қанағаттанарлықсыз» 0-10%</b>
<b>Тақырыптың толық ашылуы</b>	БҰҰ-ның халықаралық құқық жүйесіндегі рөлі мен функциялары жан-жақты әрі толыққанды талданған. БҰҰ-ның негізгі органдарының функциялары мен олардың халықаралық құқықтағы маңыздылығы түсінікті және жүйелі баяндалған.	Тақырып жеткілікті деңгейде ашылған, негізгі мәселелер дұрыс қарастырылған, бірақ кейбір аспектілер толық ашылмаған.	Тақырып жалпы ашылған, бірақ негізгі мәселелер беткей қарастырылған, маңызды ақпарат жетіспейді.	Тақырып толық ашылмаған немесе мазмұнда айтарлықтай кемшіліктер бар.
<b>Теориялық негіздеме</b>	БҰҰ және халықаралық құқық туралы негізгі теориялық концепциялар нақты әрі дәл сипатталған. Құжаттарға, келісімдерге (мысалы, БҰҰ Жарғысы) және тиісті заңнамалық актілерге дәйексөздер келтірілген.	Теориялық негіздеме бар, бірақ кейбір маңызды аспектілер толық ашылмаған немесе дәйексөздер жеткіліксіз.	Теориялық негіздеме үстірт түрде берілген, кейбір қажетті құжаттар мен дереккөздер қарастырылмаған.	Теориялық негіздеме жоқ немесе өте аз, маңызды құжаттарға және дереккөздерге сілтемелер жоқ.
<b>БҰҰ-ның рөлін талдау</b>	БҰҰ-ның халықаралық құқықтағы рөлі терең әрі толық талданған. БҰҰ-ның бейбітшілікті қолдау, қақтығыстарды шешу, адам құқықтарын қорғау және халықаралық құқықты дамытудағы рөлі жан-жақты сипатталған.	БҰҰ-ның рөлі жеткілікті деңгейде қарастырылған, бірақ кейбір аспектілер толық ашылмаған немесе беткей сипатталған.	БҰҰ-ның рөлі туралы жалпы ақпарат бар, бірақ талдау жеткіліксіз немесе негізгі элементтер қамтылмаған.	БҰҰ-ның рөлі толық қарастырылмаған немесе мүлдем түсіндірілмеген.
<b>Қорытынды және ұсыныстар</b>	Жұмыстың қорытындысы нақты және логикалық түрде берілген. Ұсыныстар мен талдаулар халықаралық құқық жүйесіндегі БҰҰ-ның маңыздылығын толық қамтиды.	Қорытынды бар, бірақ ұсыныстар мен тұжырымдар жеткіліксіз немесе толық емес.	Қорытынды жалпы сипатта, нақты ұсыныстар немесе шешімдер жоқ.	Қорытынды мүлдем жоқ немесе жұмыстың мазмұнымен байланысты емес.